

Темір аудандық мәслихатының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 288 "2023–2025 жылдарға арналған Кеңестуы ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2023 жылғы 9 тамыздағы № 72 шешімі.

Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Темір аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Темір аудандық мәслихатының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 288 "2023-2025 жылдарға арналған Кеңестуы ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1–тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2023-2025 жылдарға арналған Кеңестуы ауылдық округ бюджеті осы шешімдегі 1, 2 және 3 – қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2023 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 64 310 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 5 566 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 396 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 500 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 57 848 мың теңге, оның ішінде:

субвенция – 31 028 мың теңге;

2) шығындар – 65 070,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -760,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 760,8 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 760,8 мың теңге.";

5–тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2023 жылға арналған Кеңестуы ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен 26 820 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттердің түсімдері ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің аталған сомаларын бөлу Кеңестуы ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады."

2. Көрсетілген шешімдегі 1–қосымша осы шешімдегі қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Темір аудандық
мәслихатының төрағасы

Б. Шанмов

Темір аудандық мәслихатының 2023
жылғы 9 тамыздағы № 72 шешіміне
қосымша

Темір аудандық мәслихатының 2022
жылғы 26 желтоқсандағы № 288
шешіміне 1–қосымша

2023 жылға арналған Кеңестуы ауылдық округ бюджеті

| Санаты | | Сыныбы | | Сомасы (мың теңге) |
|--------|----|-------------|---|-----------------------|
| | | Кіші сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| | | | I. Кірістер | 64 310 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 5566 |
| | 01 | | Табыс салығы | 1000 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 1000 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 2866 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 166 |
| | | 3 | Жер салығы | 200 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 1700 |
| | | 5 | Бірыңғай жер салығы | 800 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 1700 |
| | | 3 | Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 1600 |

| | | | | |
|---|----|---|--|--------|
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 100 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 396 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 146 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түскен кірістер | 146 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 250 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 250 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 500 |
| | 03 | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 500 |
| | | 1 | Жерді сату | 500 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 57 848 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 57 848 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланын) бюджетінен трансферттер | 57 848 |

| Функционалдық топ | | | | | Сомасы (мың теңге) |
|-------------------|--------------|-------------|------------|-----------------------------|-----------------------|
| | Кіші функция | ББ әкімшісі | | | |
| | | | Бағдарлама | | |
| | | | Атауы | | |
| | | | | II. Шығындар | 65 070,8 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік | 39 810,8 |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|--|----------|
| | | | | көрсетілетін қызметтер | |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 39 810,8 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 39 810,8 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 39 410,8 |
| | | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 400 |
| 07 | | | | Тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық | 17 760 |
| | 3 | | | Елді–мекендерді көркейту | 17 760 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 17 760 |
| | | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 3 200 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 1 400 |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру | 13 160 |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|--|-------|
| | | | | м е н көгалдандыру | |
| 13 | | | | Басқалар | 7 500 |
| | 9 | | | Басқалар | 7 500 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 7 500 |
| | | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 7 500 |
| | | | | III. Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |

| Санаты | | | | Сомасы (мың теңге) |
|--------|--------|-------------|--|-----------------------|
| | Сыныбы | | Атауы | |
| | | Кіші сыныбы | | |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |

| Функционалдық топ | | | | | Сомасы (мың теңге) |
|-------------------|--------------|-------------|------------|---|-----------------------|
| | Кіші функция | | | | |
| | | ББ әкімшісі | | | |
| | | | Бағдарлама | | |
| | | | | Атауы | |
| | | | | IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы профициті) | (-760,8 |
| | | | | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профитін пайдалану) | 760,8 |

| Санаты | | | | | Сомасы (мың теңге) |
|--------|--------|-------------|-------|---|-----------------------|
| | Сыныбы | | | | |
| | | Кіші сыныбы | | | |
| | | | Атауы | | |
| 8 | | | | Б ю д ж е т қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 760,8 |
| | 01 | | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 760,8 |
| | | 1 | | Б ю д ж е т қаражатының бос қалдықтары | 760,8 |